

Семей Мемлекеттік Медицина Университеті

Ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Стационар мен емхананың карантин тәртібі

Орындаған: Арипова А.М.,

118-топ, ЖМФ

Тексерген: Калымжанова А. Б.

Семей, 2012ж

Жоспар:

Кіріспе

- Карантин жайлы түсінік

Негізгі бөлім

- Карантиннің маңызы
- Карантиннің түрлері
- Карантин ошағындағы негізгі шаралар
- Обсервация
- *Қорытынды*

Кіріспе

- Карантин - инфекциялы аурулардың таралуынан сақтандыруға және зақымдау ауқымын жоюға бағытталған, сонымен қатар эпидемиядан сақтандыруға және зақымдау ауқымын жоюға бағытталған, эпидемиядан сақтанудың режимдік, әкімшілік және санитарлық шаралар жиынтығын айтамыз. Карантин итальян сөзі “guarantina” – қырық , қырық шамасы деген мағынаны білдіреді.

Карантин алғаш рет XIV ғасырда эпидемиялық шараларға қарсы қолданылды. Сол кездегі бүкіл Европадағы дүр сілкіндірген оба (чума) ауруы Италияға да аяқ басты. Оба ауруына байланысты шет елдерден келген адамдарды 40 күн аралығында портқа кіруге тыйым салды. Мұнда жағадағы адамдармен қатынас қатаң қадағаланды. Ережелерді бұзған жағдайда адамдарды өлім жазасына тартты. Ең ауыр жағдайлардың бірі - экипаж бен жолаушылардың арасында оба ауруының таралуы болды.

Негізгі бөлім

- Карантинде қарулы адамдармен зақымдау ауқымын бөлу, жеке адамдармен тұрғын халық тобын алдын ала уақытша оқшаулап, медициналық бақылаусыз карантин аумағының шегінен шығу, одан мүлікті алдын ала залалсыздандырмай тасып шығару, сондай – ақ зақымдану ауқымынан транспорт пен адамның өтуіне тыйым салу шаралары қамтылады.

□ **Карантин** арқылы тұрғын халықтың қарым – қатынасын тоқтатып, бірімен – бірінің араласпауы ескертіледі. Кәсіпорындар мен қызмет істеп жатқан мекемелерде тиісті эпидемияға қарсы жұмыс істеу режимі белгіленеді. Барлық медициналық қызметкерлер, науқас күтушілер обадан сақтандыратын арнайы костюммен жұмыс істейді, мұның өзі аурухана ішінде аурудың таралмауына мүмкіндік береді. Обадан сақтану костюмінің толық жиынтығы комбинезон, күлапара, етік, мұрын мен ауызды байлайтын мақта және дәкеден жасалған таңғыш, қорғаныш көзілдірігі, резина қолғап және дәрігер халатынан құралады.

КАРАНТИН

Мед-санитарлы

Шеттен келген жолаушылардың мед-санитарлық тексеруі, науқас изоляциясы, көлік құралдары, жүктердің дезинфекциясы

Әкімшілік-санитарлы

Белгілі бір территорияларға кіруге тиым салу, уақытша шекара жабылуы, арнайы тасымал ережелерінұсыну

- ЕГЕР ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ СОҢҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ЗАҚЫМДАУ АУҚЫМЫНАН ЕРЕКШЕ ҚАУІПТІ ИНФЕКЦИЯ ҚОЗДЫРҒЫШТАРЫ БІЛІНБЕСЕ ЖӘНЕ ІНДЕТ ТАРАЛУ ҚАУПІ ЖОҚ БОЛСА, КАРАНТИННІҢ ОРНЫНА ОБСЕРВАЦИЯ РЕЖИМІ ЖАРИЯЛАНАДЫ. ЗАҚЫМДАУ АУҚЫМЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТІП, ОНДА ЕМДЕУ – САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ТЕЖЕУ ЖАСАЙТЫН ШАРАЛАР ОБСЕРВАЦИЯ ДЕП АТАЛАДЫ.

- Карантин және обсервация мерзімін ең соңғы науқасты оқшаулау сәтінен бастап, зақымдау ауқымын соңғы рет дезинфекциялауға дейін есептелетін аурудың инкубациялық кезеңінің барынша созылу ұзақтығы бойынша анықтайды.
- Карантин аумағында науқастарды дер кезінде оқшаулау – зақымдау ауқымында инфекцияның таралуына қарсы жүргізілетін маңызды шаралардың бірі.

Науқасты жатқан немесе отырған күйде тасымалдау.

- Сондықтан науқастың ауруын тез арада аңықтап, зақымдау ауқымында науқастарға жанасқан адамға жедел сақтандыру дәрі – дәрмектерін қолдану үшін өндірістік территорияларды қамту принципі бойынша емдеу – сақтандыру мекемелерінің ұйымдастыруымен, жасақшы санитар қыздарды және санитарлық постарды қатыстыра отырып, аулаларды (әрбір пәтерлерді) аралап шығады.
- Карантин аумағында өндірістік әрекет тоқтаусыз жүріп жатқан халық шаруашылығы объектілерінің санитарлық постардың жеке құрамы жұмыс алдында және соңында (сменада) күнделікті науқастарды тез арада аңықтап, медицина қызметкерлерінің нұсқауымен қарым – қатынас жасаушыларды бақылайды.

▪

■ Инфекциялы аурулар пайда болған ауқымды жоюға Азамат қорғанысы қызметінің басым көпшілігі, Азамат қорғанысының арнаулы жасағы, зақымдау ауқымында қалып қойған медициналық мекемелер, сондай – ақ зақымдау ауқымына жаңа күш ретінде жіберілген денсаулық сақтау мекемелерінің қосымша күші мен құралдары қатысады.

■ Инфекция ауқымындағы емдеу мекемелерінің жұмысында бірқатар ерекшеліктер болады.

Карантин ошағындағы жүзеге асырылатын негізгі шараларға мыналар жатады:

- - зақым ошағын оқшаулау, бұл үшін ошақты қарулы түрде күзету;
- - ауырған немесе ауыруы мүмкін адамдарды алдын ала анықтау, байланысқан адамдарды бақылауға алу,
- оларды оқшаулау және емдеу;
- - шұғыл профилактикалық шаралар жүргізу (вакцинация) немесе егу;
- - халықты және жасақтардың адам құрамын санитарлық тазартудан өткізу;
- - киімді, аяқ-киімді, мүлікті, аймақты, ғимараттар мен техниканы дезинфекциялау;
- - емдеу мекемелерін, кәсіпорындардың, ұйымдардың жұмыс тәртібін белгілеу;
- - зақым ошағына кіруге, одан шығуға және мүліктерді алып шығуға тиіым салу;
- - ошақта метептердің, клубтардың, кино-театрлар мен тұрмыстық қызмет көрсететін ұсақ кәсіпорындардың
- жұмысы уақытша тоқтатылады.

Обсервация

Ауру шыққан аймақта карантин немесе обсервация енгізіледі.

- Обсервация – жұқпалы аурулардың тарауын болдырмауға бағытталған оңашалау-шектеу және емдеу, профилактикалық шаралар жүйесі.
- Обсервацияны жүзеге асырғанда ауру аймағына кіруге және одан шығуға шектеулер қоюға берілгенімен, режим шараларының жүргізу қатаңдығы, карантин кезіндегіден сәл кем болады.

- **Обсервация** – жұқпалы аурулардың тарауын болдырмауға бағытталған оңашалау-шектеу және емдеу, профилактикалық шаралар жүйесі.
- Обсервацияны жүзеге асырғанда ауру аймағына кіруге және одан шығуға шектеулер қоюға берілгенімен, режим шараларының жүргізу қатаңдығы, карантин кезіндегіден сәл кем болады.
- Мүліктерді зақым ошағына тасып әкелуге және одан шығаруға заласыздандырғаннан кейін рұқсат етіледі.
- Карантин және обсервацияның мерзімі инкубация кезеңінің ұзақтығына байланысты және соңғы ауруды оқшаулау кезінен бастап саналады.
- Жұқпалы аурулар ошағында профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралары ұйымдастырып, жүргізеді денсаулық сақтау органдарына санитарлық жасақтар мен санитарлық постылар тағы басқа медициналық күштер мен құралдар пайдаланады.

Қорытынды

- **Инфекцияның ауруханадан тысқары таралып кетпеуі үшін, емдеу мекемесі эпидемияға қарсы қатал режимге жұмыс істейді, онда емдеу мекемелерінің (инфекциялы аурухананың) территориясын қорғау және оқшаулау, аурухананың жеке құрамы казармаға орналастыру, дәрі – дәрмектер, азық – түлік және басқа да қажетті санитарлық – шаруашылық мүліктерді арнаулы өткізу пунктері арқылы қабылдауды ұйымдастырып, жұмыс үстінде обадан сақтану костюмін пайдалана отырып, ауруханада қызметшілерге ауру жұқтырып, алмауды күшейту ескеріледі.**
- **Инфекциялы аурулардан сақтанудың бірден – бір тиімді жолы – карантин тәртібі.**

Қолданылған әдебиеттер:

- Мухина С.А., Тарновская И.И. “Общий уход за больными“, Москва „Медицина“, 1989ж.
- Google kz
- Мұратбекова С.Қ. “Мейірбике ісінің негіздері”, Астана, “Фолиант”, 2007ж
- Байболина.А.Т. “Пациенттерге арналған жалпы күтім“, Алматы, “Асем-Систем”, 2008ж.